

**«Qazaq Epos» республикалық ағарту жобасы**  
**«Тұлпар мініп, ту алған!» байқауының қатысушыларына арналған**  
**«Алтын Орда» мемлекетінің тарихына қатысты сұрақтар**

1. Алтын Орда қай ұлыстың орнына құрылды?

**Жауабы:** Жошы ұлысы

2. 1227 жылы Жошы өлген соң оның орнына отырған?

**Жауабы:** Бату (Батый) хан

3. Бату (Батый) ханның Алтын Орданы билеген жылдары?

**Жауабы:** 1227-1255 жылдары

4. Батудың (Батыйдың) Еуропаға жорығы қай жылдары болды?

**Жауабы:** 1236-1241 жылдары

5. Алтын Орданың бірінші астанасы?

**Жауабы:** Сарай-Бату

6. Алтын Орданың екінші астанасы?

**Жауабы:** Сарай-Берке

7. Моңғол империясына тәуелділігін мойындамай, бүкілмоңғолдық құрылтайға қатысудан бас тартқан Алтын Орда ханы?

**Жауабы:** Берке хан

8. Берке хан Алтын Орданы билеген жылдар?

**Жауабы:** 1256-1266 жылдары

9. Алтын Орданың Берке ханның тұсындағы жағдайы?

**Жауабы:** Тәуелсіз мемлекетке айналды

10. Алтын Орда саяси және экономикалық жағынан қай хандардың тұсында жақсы дамыды?

**Жауабы:** Берке мен Өзбек

11. Шығыс Еуропаға жорықты басқарған моңғол ханы?

**Жауабы:** Бату (Батый) хан

12. Алтын Орда Берке ханның тұсында қай елдің басшысымен арада байланыс күшейді?

**Жауабы:** Египет сұлтаны Бейбарыс

13. Берке ханнан кейін 1267-1280 жылдары билікке келген Алтын Орда ханы?

**Жауабы:** Мөңке-Темір

14. Алтын Орданың гүлденген кезі?

**Жауабы:** Өзбек пен Жәнібек хандардың тұсында

15. Алтын Ордада ислам діні үстемдік алды?

**Жауабы:** Өзбек ханның тұсында

16. Алтын Ордада исламды мемлекеттік дін деп жариялаған хан?

**Жауабы:** Өзбек хан

17. 1342-1357 ж.ж. Алтын Ордада билік құрды?

**Жауабы:** Жәнібек хан

18. Алтын Ордада хандық билік үшін тартыс қай жылдары болды?

**Жауабы:** 1359-1379 жылдары

19. 1380ж. Куликова даласындағы шайқас кімдердің арасында болды?

**Жауабы:** Мамай мен Дмитрий Донский

20. Әмір Темірдің көмегімен Алтын Орданың билігін өз қолына алған билеуші?

**Жауабы:** Тоқтамыс хан

21. Тоқтамыстың Мамай ордасын басып алған уақыты?

**Жауабы:** 1380 жылы

22. Алтын Орда тағында билігін нығайту үшін Тоқтамыстың әрекеті?

**Жауабы:** 1382 жылы Мәскеуді өртеді

23. Әмір Темір мен Тоқтамыс арасындағы тартыстар болған жылдар?

**Жауабы:** 1389, 1391 және 1395 жылдар

24. Алтын Орда кімнің жорықтарынан кейін құлдырады?

**Жауабы:** Әмір-Темір

25. Алтын Орданың құлаған уақыты?

**Жауабы:** XV ғасырдың 50-70 жылдары

26. Алтын Орда құлағаннан кейін құрылған жаңа түркі мемлекеттері?

**Жауабы:** Ноғай Ордасы, Қырым, Қазан, Астрахан, Сібір хандықтары

27. Хандардың арасында бірінші болып ислам дінін қабылдаған хан?

**Жауабы:** Берке хан

28. Алтын Орда мемлекетіндегі ханнан кейінгі үлкен тұлға?

**Жауабы:** Беклербек

29. Тоқтамыс хан қай жылы және қайда қайтыс болды?

**Жауабы:** 1404 жылы Түмен қаласы маңында

30. Өзбек ханды замандастары қалай сипаттаған?

**Жауабы:** Кісілігі мол, даңқты да ержүрек адам ретінде

31. Қай ғасырдан бастап алтын динарлар, күміс дирхемдер, мыс фольстерлер шығаратын ақша сарайы жұмыс істей бастады?

**Жауабы:** XIII ғасырдың 30-жылдарының бастап

32. Қай жылы Бердібек хан таққа отырды?

**Жауабы:** 1357 жылы

33. Жошы ұлысын билеушілердің ішінен бірінші болып өз атынан теңге соқтырған хан?

**Жауабы:** Мөңке Темір хан

34. Қай жылы Бату бастаған жасақтар Еуропа әскерлерін талқандап, Адрия (Адриат) теңізіне шықты?

**Жауабы:** 1241 жылы

35. Марко Полоның айтуынша қалаларға неге қамал-қорғандар қойылмады?

**Жауабы:** Қалаларға әскердің кіруіне кедергі жасамау үшін қамал-қабырғалар мен қақпалар болуына рұқсат етілмеді.

36. Қай уақытта Алтын Ордадан Орда Еженнің ұрпақтары бөлініп, Ақ Орда ұлысын құрды?

**Жауабы:** XIV ғасырдың екінші жартысында

37. Алтын Орда билеушісі Жәнібек ханның билік құрған жылдары?

**Жауабы:** 1342-1357 жылдары

38. Қай қалада алтын динарлар, күміс дирхемдер, мыс фельстерлер шығарыла бастады?

**Жауабы:** Отырарда

39. Тарихта алғаш рет Ертістен Дунайға дейінгі Ұлы Даланың бүкіл кеңістігі қай әулет иеліктерінің құрамына кірді?

**Жауабы:** Жошы әулеті

40. Алтын Орданың негізін қалаған хан?

**Жауабы:** Бату (Батый) хан

41. Алтын Орда мемлекетінде басқақтар қандай қызмет атқарды?

**Жауабы:** салық жинау

42. Қай хан тұсында деректерде алғаш рет **өзбектер мемлекеті** деген сөз тіркесі пайда болды?

**Жауабы:** Өзбек хан

43. Алтын Ордада ислам діні мемлекеттік дін болып жариялаған жыл?

**Жауабы:** 1312 жыл

44. 1227-1255 жылдары Алтын Орда билеген?

**Жауабы:** Бату (Батый) хан

45. Мамайдан кейін Алтын Ордадағы билікті басып алып, 1382 жылы Мәскеуге жорық жасаған Жошының ұрпағы?

**Жауабы:** Тоқтамыс хан